

Жергілікті атқарушы органдар басшыларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі N 1546 Жарлығы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 15 тамыздағы № 615 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 15.08.2013 № 615 Жарлығымен (01.10.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Конституциялық заңының 17 және 21-баптарына сәйкес және қазақстандық қоғамды одан әрі демократияландыру, халықты елімізде жүргізіліп жатқан реформалар туралы хабардар ету, атқарушы органдардың халық алдындағы жауапкершілігі мен есептілігін арттыру, халықты мемлекеттік басқару процесіне кеңінен тарту мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Барлық деңгейдегі әкімдер жыл сайын бірінші тоқсанның ішінде халыққа есеп беру кездесулерін өткізсін, оның барысында елімізде жүргізіліп жатқан реформалардың іске асырылуы, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің өткен жылда әлеуметтік-экономикалық дамуы, оны одан әрі дамытудың міндеттері мен негізгі бағыттары туралы хабардар етсін.

2. Облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімдері есеп беру кездесулері өткен күннен бастап бір айдан кешіктірмей оның нәтижелері туралы Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігін және Үкіметін хабардар етсін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі есеп беру кездесулерінің қорытындылары бойынша тиісті шараларды қолдансын.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті